

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІ
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.02. 2024 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы -аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АҚ мүшесі, академиялық персонал-доцент К.И.Усманов, АҚ мүшесі, академиялық персонал, білімгерлер өкілдері
КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудитін өткізу;
2. Аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру;
3. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

АҚ төрағасы Ж.С.Еркишева: Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша ақпан айында атқарылған жұмыстарды талқылайық. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-ын әзірлеуде пәндерді жаңарту мәселелері бойынша семинар жасалынды. Магистратура деңгейінде таңдау компонентіне жаңа пәндер қосу керектігі қарастырылды.

АҚ мүшесі, академиялық персонал- К.И.Усманов сөз алып: жоғары оқу орнынан кейінгі ББ-ын әзірлеуде пәндерді жаңарту мәселелері бойынша 2024-2025 оқу жылына қабылданатын білімгерлер арналған БББ жасауда «Алгебраның қазіргі заманғы мәселелері» атты жалпы компоненттегі пәнді өзгерту туралы ұсыныс жасады. Жылдағы дәстүр бойынша өз тарапымыздан білім беру бағдарламасының бейініне қатысты мамандық пәндерге оқытылатын курстың сипаттамасын жасап, талдау жасау арқылы БББ жаңарту керектігін атап өтті.

АҚ төрағасы Ж.С.Еркишева: Бакалавриат және магистратура білім бағдарламасы бойынша ақпанның 20-21 жұлдызында аккредиттеудің сыртқы эксперттері келді. Математика және статитика бағыты бойынша практика базалары мен практика құжаттарын тексерді. 7M05426-Математика білім беру бағдарламасы бойынша зерттеу практиканың бағдарламасын, магистранттың практика есебін тексерді. Аккредиттеудің есебі бойынша сыртқы эксперттердің аталған БББ бойынша қос дипломдық білім беру бағдарламасының қамтылмауы және Түркиялық білім беретін оқытушылардың болмауы туралы кемшіліктерді атады. Заман талабына сай БББ жақсарту мен дамытуға қатысты жұмыстар жасауымыз қажет деп есептейтіндігін жеткізді.

Шешім: 1. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізілді, БББ жаңарту мақсатында жаңа пәндер тізбесі жасақталсын.

2. Ақпан айындағы атқарылған жұмыстар назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:



Ж.С.Еркишева

Хатшы



К.И.Усманов

